

# МАХАТМА ГАНДИ

---

**2.10.1869 — 30.01.1948**



Мохандас Карамчанд Ганди 1869 жылы 2 қазанда Батыс Үндістан князьдығындағы Порбандар деген кішігірім ауылда дүниеге келді.

Мохандас өз отбасында ең кенже ұл болып өсті. Ол өзінің балалық шағы туралы былай еске алады: «Мен өте түйық болып өстім, сондықтан да, үнемі өзге балалардан тысқары немесе алшақтау жүретінмін, менің жалғыз достарым бұл – кітаптар мен сабақтар болды, мен мектептен кітаптарымды оқуға асығып үйге қашып кететінмін, ешкіммен сөйлесуді ұнатпайтынмын, сондай-ақ, мен қорқақ болдым, мен ұрыстардан, елестер мен жыландардан қатты қорқатынмын, қараңғылық мені үрей мен қорқынышқа жетелейтін, мен кейде, марапаттар мен





Мохандастың жастық шағындағы ең айтулы оқиғалардың бірі, ата-анасы оны ежелгі үнді дәстүрі бойынша он үш жасында өзімен тетелес қыз-Кастурбайға үйлендірді. Балалар бірін-бірі сүйіп қосылды, сондықтан да Кастурбай өмірінің соңына дейін Гандидің сенімді серігі, көмекші жары



1888 жылы Ганди отбасының достары және ата-анасының кеңесі бойынша Англияға барып, адвокаттық кәсібіне байланысты білім алып келуге шешім қабылдады. Бұл шешім оның кастасындағы ақсақалдар мен үлкендердің қарсылығын туғызды. Үндістан діни үнді жерін тастап кетуге тиым салды, ақсақалдардың ойы бойынша Европада діни қағидаларды бұзбай өмір сүру мен тұру мүмкін емес болатын. Ганди олардың талаптарына бағынудан бас тартты. Осы үшін ол өз кастасынан ажырап, олардың көмегінен, қолдауынан айрылуына тура келді. Англияда ол өзін өте бөтен есебінде сезінді, айналасындағылардың бәрі оған бейтаныс болды. Бірақ, оның европалық мәдениетпен қарым-қатынасы оның білім кеңістігімен түсінігін одан әрі кеңейте түсті. Ол буддизммен танысып, жаңа өсиет (Новый Завет) кітабын оқып таң-тамаша болды. Ганди индуизм ілімін Будда және Христос жолымен ұштастырып біріктіруді армандады.



1891 жылы жоғарғы адвокат атағын алып, Ганди Үндістанға қайтып оралды. алайда, ата-анасының оған артқан үміті, оның жоғарғы білімі мен атақ-даңқы көп пайда әкеледі деген сенімдері ақталмады. Гандидің адалдығы мен жауапкершілігі оның саяси карьерасының өсуіне кедергі жасады. Көп өтпей, жас адвокат үнді сауда фирмасының Оңтүстік Африкадағы жұмыстарын жүргізуге шақырылады. Ол жаңа мемлекет көре жүріп, мол тәжірибе жинауды мақсат етті. 1893 жылы Оңтүстік Африкаға аттанған Ганди алдындағы қатал тағдырдың қиын салмақтарына тап болды.

Ганди Оңтүстік Африкада ұзақ қалу мақсатында Үндістанға барып, өз баласын – Кастурбай мен екі баласын әкелуді жөн деп табады. Үндістанға келіп, Ганди Оңтүстік Африкадағы үнділердің жағдай туралы «жасыл брошюра» еңбегін жариялады. Оны Индияда, Англияда, Оңтүстік Африкада билік басындағылар талқылап, Оңтүстік Африка билігіндегілер «Ганди европалықтарды қорлайтын мақсат қойыпты, европалықтарды кемсітуді жоспарлауда екен» деген қауесет таратып жібереді.

1894 жылы Ганди преторийде бүкіл үнділерді жиналысқа шақырады. Ол өз өмірінде тұңғыш рет бұқара алдында сөз сөйлеп, Трансвальдағы үнділердің тағдырлары туралы әңгімеледі. Ол үнділіктерді араларындағы қарама-қайшылықтармен қасталық бөлінушіліктерді жойып, құқық үшін бірлесіп күресуге шақырды.



Ганди адамдар үшін тындырымды тірліктер атқарғанына қарамастан сол қызметтері оны қанағаттандырып қоймады. Ол әр күні екі сағат ауруханада бауырластық, мейірбандықпен ауру-науқастарға жәрдемдесті. Оба эпидемиясы кең тараған тұста ол көптеген еріктілер мен жақтастар жана өзімен борге ауруханада науқастарға жәрдемдесуге алып барды. Осы жылдары Ганди әлемдік дін мен философияны жаңаша сипатта оқи отырып, өзіне Лев Толстойды табады. «Толстой бейнесіндегі Ресей маған өзімнің күш қолданбай қарсыласу бағытыма нұсқау берген ұстазды берді» деп жазды кейін Ганди.



1906 жылы 22 тамызда Трансваль үкіметі үнділіктер «Қара заң» деп атап кеткен заңдар жүйесін жариялады. Бұл заң бойынша барлық үнді еркектерімен әйелдері және сегіз жасқа толған барлық үнді балалары полиция тіркеуіне тұрып, саусақ іздерін қалдырып және ерекше куәлік алуы тиіс болды. Бұл заңға бағынғысы келмегендер сотталды немесе жер аударылды.

1908 жылы 1 қаңтарда сатьяграха Иоханнесбургте митингті бастап, тіркеуге шақырылатын қағаздарын мыңдаған үнділіктер отқа өртеп жіберді. Ганди тұтқындалып, абақтыға жабылды, алайда қозғалыс одан әрі ушыға түсті. «Түрлі түстілер заңды айыптады, абақтылар адамдарға толып кетті, бірақ, репрессия ешқандай нәтиже бере

Ганди алғаш рет күш қолданбай қарсыласу идеясын жариялап, оған беретін атау мен анықтама іздеді. Ақыры, ол өзінің ең кенже ұлы Сатьграханың атын өз идеясына атау етіп бекітеді. Бұл сөз адамгершілік жолмен қарсыласуды білдірді, қанға-қан ұрандарына мүлдем қарама-қайшы бағытта болатын.